ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

22 қыркүйек 2023 жыл № 3115-23-00-2/1890 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында судья Е.А.Қалымханов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Данияр Есенәліұлы Смайыл

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Данияр Есенәліұлы Смайыл мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Данияр Есенәліұлы Смайылдан "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қордай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 14 934 (он төрт мың тоғыз жүз отыз төрт) теңге тұрақсыздық айыбының сомасы және 448 (төрт жүз қырық сегіз) теңге сот шығыны сомасы өндіріліп алынсын.

Жеке кәсіпкер Данияр Есенәліұлы Смайылдан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндіріліп алынсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Е.А. Калымханов

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 22.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Калымханов Е. А., 07.11.2023

3115-23-3-1/2276